

Железин ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қарашадағы № 62/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қарашада № 7417-14 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" № 181 бұйрығына сәйкес Железин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1 Шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда, хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнына 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 14.03.2024 № 97/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 маусымдағы "Железин ауданындағы шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна ставкаларын бекіту туралы" № 29/8 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7354-14 болып тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Железин аудандық мәслихатының төрағасы

Т. Даулетов